

**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Исаева Айнур Женисовнаның «Еңбек дауларын сотта караудың процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

### **СЫН-ПІКІРІ**

**I. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық процестік заңнамаларына сәйкес еңбек дауларын сотта караудың процестік ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деген еді. Алайда ел экономикасын реформалау мен әртараптандыру жалғасуына COVID-19 ауруының тарауы кедергі жасап, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен пандемия жарияланды. Кейбір жосықсыз жұмыс берушілер мұндай жағдайды пайдаланып қалуға тырысып, қызметкерлердің жалақысынан «ұстап қалу», оларды өз еркімен жұмыстан шығуына итермелеу немесе өзге де жолмен өз шығындарын азайту арқылы жұмыскерлердің әл-ауқатының нашарлауына алып келіп отырғаны белгілі.

Бұл көптеген елдердің өз шекараларын жабуына, бұқаралық іс-шаралардың санын азайтуға, кәсіпорындардың жұмысын тоқтатуына алып келді. Жұмыс берушілердің алдында жұмысты жалғастыру, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру, штат немесе жұмысшылар санының қысқаруына, жалақы мөлшеріне және басқа да көптеген қиындықтар туындатты. Бұл ретте осы сұрақтарға жауаптар жұмыс берушінің еркі мен қалауына ғана емес, сондай-ақ осы мәселелер бойынша Мемлекеттік органдардың ұстанымына да байланысты. ҚР Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымындағы Қазақстан Республикасы Парламенттің бірінші сессиясында «қазіргі күрделі жағдайда Қазақстанның алдында тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындары мен халықтың табысын сақтау» керегін көрсетіп, депутаттар алдында бірнеше басымдылықтарды айқындап, «азаматтардың құқықтарын тиісінше қорғамайынша әлеуметтік-экономикалық даму мүмкін еместігін, неғұрлым белсенді әрі ойластырылған жұмысқа нақты және табанды кірісу керектігін» атады.

Қолданыстағы еңбек және азаматтық процестік заңнамаға сәйкес еңбек дауларын сотта караудың процестік ерекшеліктері еңбек құқығы ғылымының да, азаматтық процестік құқық ғылымының да арнайы зерттеу объектісі болған емес. Еңбек даулары, соның ішінде жеке еңбек даулары мәселелері еңбек құқығы ғылымы тұрғысынан қаралып, ізденістер көбінесе еңбек дауының ұғымын

анықтауға, еңбек дауларын құқықтық реттеудің жалпы мәселелеріне, еңбек-құқықтық жауапкершілігін жетілдіру т.б. мәселелерге арналған. Жұмысқа қайта алуға, жұмыскердің еңбекақысын төлеуге, материалдық жауапкершілікке байланысты туындайтын жеке еңбек даулары мен ұжымдық еңбек дауларын азаматтық процесте қарауды зерттеу, оның шетелдік тәжірибесіне үніле отырып ғылыми негізделген және пайымдауға лайықты қорытындылар мен тұжырымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Және де біздің ойымызша Қазақстан Республикасының еңбек құқығына қаралған құқықтар мен бостандықтарды азаматтық процесте қорғауға деген тетіктерді жаңартып, заңнамалық олқылықтарды жоюға көмектеседі.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**

Диссертациялық зерттеу жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін беру ережесінің талаптарына сай. Диссертация теориялық және практикалық құндылығы бар, өз бетінше дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз қосымша бөліктерден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Докторант диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында қол жеткізілген нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделген және тәжірибелік қажеттілігі дәлелденген, сондай ақ қазіргі заманғы теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

**Бірінші нәтиже.** Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне жаңадан «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының анықтамасын бере отырып, Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағына жаңа анықтамалар енгізу ұсынылған.

**Екінші нәтиже.** Еңбек қатынастарына қатысушы тараптардың арасында негізгі келісім шартқа жазбаша нысанда қосымша қашықтықтан жұмыс істеуге байланысты өзгеріс енгізу ұсынылады.

**Үшінші нәтиже.** Еңбек қатынастарынан туындайтын арыздар бойынша сот ісін жүргізудің ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне дербес тарау ретінде енгізу ұсынылады.

**Төртінші нәтиже.** Жеке еңбек дауларын сотта қарау процесінде міндетті түрде прокурор мен мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуын ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізу ұсынылады.

**Бесінші нәтиже.** Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңына сәйкес Жоғарғы Соттың және облыстық соттардың жанынан еңбек сот алқаларын құру туралы ұсыныстар жасалған.

**Алтыншы нәтиже.** Дауларды балама шешу әдістерін пайдалана отырып, еңбек дауларын сотқа дейін қарау үшін медиация институтын жетілдіру ұсынылады.

## **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми акпаратының айқындығымен және мақсат пен міндеттердің қисындылығымен, тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен камтамасыз етілген.

**Бірінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, ҚР Еңбек заңнамасына «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарына қатысты көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен тұжырымдарын, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаларды зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

**Екінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің арасында қашықтықтан жұмыс істеуге байланысты косымша келісім шарт жасасудың қажеттілігі қазақстандық құқық ғылымында алғаш рет негізделіп отыр.

**Үшінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, жеке және ұжымдық еңбек қатынастарынан туындайтын арыздар бойынша іс жүргізудің ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне дербес тарау ретінде енгізудің қажеттілігі, алынған сот практикасының статистикалық мәліметтерді зерттеу және талдау нәтижесінде алынған.

**Төртінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, жеке еңбек дауларын сотта қарау процесінде міндетті түрде прокурор мен мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуына қатысты отандық және ТМД елдері ғалымдарының іргелі ғылыми еңбектері мен зерттеулеріне, оқулықтар мен қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен құқықтық құжаттарға жүргізілген зерттеу және талдау жұмыстары нәтижесінде алынған.

**Бесінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, Жоғарғы Соттың және облыстық соттардың жанынан еңбек сот алқаларын құру бойынша ұсыныс, аталған органдардың құрылуы мен олардың қызметін ұйымдастыру бойынша жасалған заңнамалық реформаларға зерттеу, талдау жүргізу нәтижесінде алынған.

**Алтыншы нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, қазіргі таңда Еңбек кодексінде жеке және ұжымдық еңбек даулары бойынша медияцияға жүгіну құқық ретінде көрсетілген, дауларды балама шешу әдістеріне арналған монографиялық зерттеулерді, ғылыми әдебиеттерді, қазіргі кездегі қолданыстағы заңнамаларды зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі**

**Бірінші нәтиже.** Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Өйткені, еңбек дауларын қарау және шешу мәселелері бұған дейін зерттелген болатын. Бірақ та, ізденуші қазіргі кезде біздің еліміздің дамуында орын алып жатқан жаңаша үдерістерді ескере отырып, «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» түсініктеріне жаңа авторлық анықтама беруге талпынған.

**Е**

**к**

**і**

**н**

кашықтықтан жұмыс істеу барысында жасалатын қосымша келісім шарттын қажеттілігін анықтап, нақты қорытындылар жасаған.

**Үшінші нәтиже.** Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Себебі, еңбек қатынастарынан туындайтын арыздар бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін ескере отырып Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне дербес тарау ретінде енгізудің маңыздылығына қатысты бірқатар теориялық тұжырымдар мен қорытындылар келтіре отырып, оның мәнін ашу үшін жүйелік тәсіл тұрғысынан түсіндіруге талпыныс жасаған.

**Төртінші нәтиже.** Жаңа болып табылады. Себебі, жеке еңбек дауларын сотта қарау процесінде міндетті түрде прокурор мен мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуын қатысты бапқа толықтырулар енгізу ұсынылған.

**Бесінші нәтиже.** Жаңа болып табылады. Себебі, шет мемлекеттердің мамандандырылған еңбек сот алқаларының қалыптасу тарихына, аталған органдардың құрылуы мен олардың қызметін ұйымдастыру бойынша жасалған заңнамалық реформаларға зерттеу, талдау жүргізу нәтижесінде жаңа ұсыныстар жасаған.

**Алтыншы нәтиже.** Жаңа болып табылады. Себебі, еңбек дауларын балама шешу әдістерін жетілдіруге қатысты ұсыныстар жасалған.

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау**

Диссертация аяқталған жұмыс болып табылады. Зерттеу жұмысының қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдары жұмыстың мақсаты және міндеттерімен қисынды байланысқан және мазмұнның ішкі бірлігі сақталған.

Жұмыс нәтижелерінің ішкі бірлігі мен ой-тұжырымдардың бірізділігі диссертация мазмұнына біртұтастық сипат берген. Тараулар мен жекелеген бөлімдердің мазмұны қисындық байланыста құрылған және олардың баяндалуында құқықтық бірізділік пен сабақтастық сақталғандықтан заңнамаларды жетілдіруге бағытталған ұсыныс-тұжырым жолдарына байланысты жасаған ұсыныстары негізді болып шыққан.

## **6. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы**

Жұмыстың теориялық әдіснамалық негізі алынған нәтижелер туралы идеяларды тереңдетеді және жүйелейді, азаматтық сот ісін жүргізу және оның баламалары туралы, сондай-ақ еңбек дауларын сотта қарау және шешу ерекшеліктерін жақсы түсінуге ықпал етеді. Зерттеудің өзі де, алынған нәтижелер де Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сот органдары тәжірибелік қызметінде және де жоғары оқу орындарының «Еңбек құқығы», «Азаматтық процестік құқық» пәндерін жүргізуде, сондай-ақ «Еңбек дауларын қарау» тақырыбында арнайы курс ретінде жүргізуде қолдануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама**

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада 14 ғылыми мақалалар жарық көрген. Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада.

Зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері ғылыми және ғылыми-практикалық басылымдарда жарияланған 14-дан астам мақалада, оның ішінде – шетелдік басылымдарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда көрсетілген.

1 мақала - Scopus деректер базасында тіркелген және индекстелетін журналдарда жарияланды:

1. Features of legal regulation of the procedure for the consideration of labour disputes in the Republic of Kazakhstan // Journal of Advanced Research in Law and Economics. Volume XI, Issue 1(47), Spring 2020. – P. 65-73.

5 мақала - ҚР БҒМ-нің ғылым және білім саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды:

1. Еңбек даулары: теория және тәжірибе мәселелері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. ISSN 2616-6844. – №2 (123). 2018. - Б.107-112.

2. Legal regulation of the procedure for consideration of labor disputes in court // BULLETIN of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series. - №4 (129). 2019. – P.85-96.

3. The concept and classification of labor disputes // Bulletin of the Karaganda university. Law series. - №4 (100). 2020. – P.94-103.

4. Implementation of principle of parties competitiveness on labor disputes in the cou // NEWS of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Abay kazakh national pedagogical university. ISSN 2224-5294. – №1 (323). 2019. - P. 252-257.

5. Some issues of the procedural peculiarities of reviewing civil cases on labor disputes in courts of appeal // Reports of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. ISSN 2224-5227. Volume 1, Number 323 (2019), 179-184. – 2019. - №1. – P.179-184.

мақала - Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды:

1. Қазақстан Республикасында еңбек дауларын шешудің ерекшеліктері мен өзекті мәселелері // Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жастар, ғылым және инновациялар» атты XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Ақтөбе, - 2018 жыл 12 сәуір. - Б.454-456.

2. Еңбек дауларындағы медиация: қолдану ерекшеліктері // І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Қазақстанның сот реформасы: жағдайы, мәселелері, болашағы» атты заң ғылымдарының докторы, профессор М.Т. Таймерденовтың 60-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Талдықорған. - 2018 жыл 6 қараша. - Б.154-160.

3. Причины и условия возникновения трудовых споров // V Международной научно-практической конференция на темы «Global science and . Астана. – 21 января 2019 года. - С.320-324.

4. Материалдық жауаптылық туралы еңбек дауларын караудың процессуалдық ерекшеліктері // Т. Рыскуловтың 125 жылдығына арналған

«Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы // Тараз, 2019 жыл, 26 желтоқсан. – Б.43-46.

5. Some Procedural Features Of Labor Proceedings in The Republic Of Kazakhstan // Fiscaeconomia international congress on social sciences political, economic and social issues in retrospect and prospect proceeding book (Ed. Ahmet Arif Eren). – Ankara. ISBN 978-605-031-650-6. - P.305-309.

6. Procedural Settlement Of Individual Labor Disputes By Talks With The Employer // Fiscaeconomia international congress on social sciences political, economic and social issues in retrospect and prospect proceeding book (Ed. Ahmet Arif Eren). – Ankara. ISBN 978-605-031-650-6. – P.310-317.

7. Қазақстан Республикасында жеке еңбек дауларын қарау және шешудің өзекті мәселелері // Innovation and global issues Congress V congress book test version. – Ankara. 25 august 2019. – Б. 811-818.

8. Еңбек даулары мен еңбек қайшылықтары құқықтық категория ретінде және оларды шешу жолдары // «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында құқық пен мемлекеттің: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы. Талдықорған. - 2019 жыл, 19 ақпан. - Б.122-128.

#### **8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы**

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысында автор академиялық адалдық қағидасының шеңберінде жұмыс жасаған, автор басқа авторлардың еңбектерін адал қолданған, олардың жұмыстарына сілтемелерді көрсетіп, сонымен қатар, қолданылған құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге тиісті сілтемелерді жасаған және сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік алмастырылуы байқалмайды. Диссертациялық жұмысты дайындауда автордың дербестік және тәуелсіздік қағидасы шеңберінде жұмыс жасағанын, оның келтірілген қорытындылары мен ұсыныстарынан байқауға болады.

#### **9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар**

Диссертация жоғары бағаға лайықты, дегенмен бірқатар ұсыныстарды талап етеді:

1) Диссертацияның «Цифрландыру жағдайында еңбеу дауларын қарау мәселесі» деп аталатын 3.3 параграфында электрондық сот ісін жүргізудегі қиындықтар мен проблемалар айқын көрсетілген. Бірқатар проблемалық мәселелерді шешу жолдары ұсынылған. Бұл өте құптарлық. Дегенмен автор жекелеген проблемалық мәселелерді (мысалы, жазбаша дәлелдемелді «сот кабинеті» сервисі арқылы жіберудегі, онлайн форматта сот талқылауы кезіндегі құпиялықтың сақталмауына байланысты, куәдан онлайн форматта жауап алуға қиындықтар) шешу жолдары жөнінде ұсыныстарын көрсетпеген.

2) Диссертант еңбек дауларын шешудің баламалы тәсілдерін қарастырғанда нотариаттық тәртіпті қарастырмаған. ҚР «Нотариат туралы» заңының 92-1-бабына 21.01.2019 жылы енгізілген өзгерістерге байланысты жұмыскерге есепке жазылған, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді

өндіріп алу туралы даусыз талаптар бойынша нотариустарға жүгінуге болады және нотариустардың атқарушылық жазбасының немесе тиісті қаулысының негізінде жалақы бойынша берешекті жұмыс берушіден өндіріп алуға болады. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаға сәйкес, нотариустың атқару жазбасы атқарушылық құжатқа жатады, яғни жұмыс беруші жалақыны төлеуге байланысты міндетін ерікті түрде орындамаса, сот орындаушылары арқылы мәжбүрлеп орындатуға болады. Сонымен бірге диссертанттың мемлекеттік еңбек инспекторы шығаратын нұсқамаға «салық бұйрығы» қағидалары бойынша атқарушылық құжат мәртебесін беру мәселесіне заңнамалық деңгейде бастамашылық жасау қажеттігі туралы ұсынысы түсініксіз. Өйткені ҚР-ның «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 9-бабына 26.06.2020 жылғы енгізілген өзгерістерге сәйкес жұмыс берушінің жалақыны төлеуі туралы нұсқама атқарушылық құжаттардың тізіміне енді, яғни аталған құжат жеке тұлғаның берешегін өндіру туралы салықтық бұйрық тәрізді атқарушылық құжат күшіне ие.

3) Зерттеу жұмысының мәтінінде кіші-гірім грамматикалық қателіктер кездеседі және құқықтық терминдерді, ұғымдарды мемлекеттік тілде көрсетуде, аударуда бірқатар қателіктерге жол берілген (мысалы, процессуалдық-процестік, азаматтық іс жүргізу заңнамасы – азаматтық процестік заңнама, талап арыз өндірісі – талап қою ісін жүргізу).

Жоғарыда келтірілген ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын, мәнін және ғылыми маңыздылығын төмендетпейді, тек қана ұсыныстық сипатта болып табылады.

#### **10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына сәйкестігі**

А.Ж.Исаеваның «Еңбек дауларын сотта караудың процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және ғылыми проблеманы шешетін жаңа ғылыми негізделген нәтижелерден тұрады.

Жалпы, диссертациялық жұмыс докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Исаева Айнур Женисовнаның 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

**Сулейман Демирел атындағы университетінің «Құқықтану» кафедрасының ассистент-профессоры, заң ғылымдарының кандидаты**



**Касенова А.Ж.**

**Сулейман Демирел атындағы университетінің мекемесі**

Қолтаңбасын растайтын
Күн: 11 02 2021 ж.
Қолы: Шашенова А.

Қолын растайтын